

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**(АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)**

**МЕН**

**МАХМУД ҚАШҚАРИ – БАРСҚАНИ атындағы ШЫҒЫС УНИВЕРСИТЕТИ**

**(БІШКЕК, ҚЫРГЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ)**

**АРАСЫНДАҒЫ**

**ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректоры Сыдықов Ерлан Бәтташұлы бір тараптан және Махмұд Қашқари – Барсқани атындағы Шығыс университеті атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Ибраев Алмаз Орозакунович екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар», ал жеке турде «Тарап» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оку, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және мына тәмендегілер туралы келісімге келді:

## **1 бап**

Тараптардың арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

## **2 бап**

2.1 Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

2.1.1 білім алу, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тағылымдамадан өту, оқу-өндірістік және ғылыми тәжірибеден өту үшін Тараптарда бар мамандықтар бойынша бакалаврлар, магистранттар, PhD докторлар, оқытушылар және зерттеушілермен академиялық, кәсіби (оқу-өндірістік, өндірістік, зерттеу, дипломалды, педагогикалық) тәжірибелермен алмасу;

2.1.2 өзара ортақ мұддені көздейтін салада жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрлар мен мамандарды даярлауда ынтымақтастық;

2.1.3 нәтижесі Тараптардың диплом беруі түрінде болатын, бакалавриат пен магистратура деңгейінде қос дипломды білім беру бағдарламасын дайындау аясындағы ынтымақтастық;

2.1.4 нәтижесі ортақ PhD бағдарламасын ашу болатын PhD бағдарламасын дайындау саласындағы ынтымақтастық;

2.1.5 Тарап өкілдерін дәріс окуға, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат пен тәжірибе, сонымен қатар оку жоспарлармен, бағдарламалармен алмасу үшін шақыру;

2.1.6 Тараптардың профессорлық-оқытушылық құрамы мен әкімшілік құрамның «онлайн» режимінде дәрістер оку;

2.1.7 магистрлік және докторлық диссертацияны жазуда, PhD докторы ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертация жазуда ғылыми кеңес беру және қос жетекшілік ету үшін, соның ішінде, алайда онымен шектеліп қана қоймай, профессорлық құрамды тарту түрінде біріккен ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу;

2.1.8 біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, Тараптарға арналған күндер мен басқа да ұқсас ғылыми шаралар және білім беру облысындағы өзге де бастамашылықтарды жүргізу. Сонымен қатар, біріккен ғылыми шаралар мен білім беру саласындағы басқа да бастамашылықтардың нәтижесі болып, ғылыми дәйексөз алудың әлемдегі жетекші ақпараттық базаларына кіретін рецензияланған ғылыми басылымдардағы жарияланулар жатады, соның ішінде Web of Science, Scopus және т.б;

2.1.9 біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша бірлескен ғылыми еңбектер мен окулықтарды жариялау. Тараптар, біріккен зерттеулер жүргізу шегінде қол жеткізген нәтижелерді, ғылыми дәйексөз алудың әлемдегі жетекші ақпараттық базаларына кіретін, рецензияланған ғылыми басылымдарда жариялайды, соның ішінде Web of Science Scopus және т.б;

2.1.10 ынтымақтастықты жүзеге асыруға қажетті ғылыми ақпаратпен, материалдар және құжаттар, іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;

2.1.11 Тараптар, университеттердің академиялық рейтингін жасау мақсатында сауалнамалар жүргізетін тәуелсіз халықаралық және ұлттық ұйымдармен(QS, THE және т.б) ынтымақтастықта болуга даярлығын білдіреді;

2.1.12 егер ол Тараптардың жарғылық міндеттеріне қайшы келмесе, Тараптардың қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;

2.1.13 ЖОО басқаруда қазіргі әкімшілік әдістерді енгізе отырып, университеттік басқарма мен құрылымдарды жетілдіру үшін әкімшілік құрамды шакыру;

2.1.14 Тараптарда жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының шеңберінде гранттар алуға ортақ мәлімдемелер дайындау;

2.1.15 Беннерлермен алмасу, болмаған кезінде Тараптардың сайттарында сілтемелер орналастыру;

2.1.16 Тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрменкелер туралы Тараптарды хабарлау;

2.1.17 визалық қолдау көрсету.

### **3 бап**

2 бапта көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

### **4 бап**

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру Тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдауына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

### **5 бап**

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісімімен оның ажырамас бөлігі бола алатын және тиісті тәртіpte рәсімделетін,

Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісімі арқылы жүзеге асырылады.

#### 6 бап

Осы Меморандум шенберінде ынтымақтаса отырып, Тараптар қатысушы елдердің зандары мен ережелерін сақтайды.

Меморандум шенберінде туындағының даулар Тараптар арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

#### 7 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімінде жарамды. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімнен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай бес жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

#### 8 бап

Осы Меморандум екі нұсқада қазақ және орыс тілдерінде жасалды, сонымен қатар мәтіндер бірдей занды күшке ие.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті**

Ректор Сыдықов Ерлан Бетташұлы



Күні: «27» сузір 2015 ж.

**Махмұд Қашқари – Барсқани  
атындағы Шығыс университеті**

Ректор Ибраев Алмаз Орозакунович



Күні: «27» сузір 2015 ж.

010008, Қазақстан Республикасы,  
Астана, Қаныш Сатпаев, 2  
Тел: +7 7172 709500  
Факс: +7 7172 709457  
E-mail: [enu@enu.kz](mailto:enu@enu.kz)  
Сайт: [www.enu.kz](http://www.enu.kz)

Қырғыз Республикасы  
Бішкек қаласы, Эсенгүл Ибраев к. ба  
Тел: + 996 312 33 73 81  
E-mail:  
[vostok04@rambler.ru](mailto:vostok04@rambler.ru)  
Сайт: [www.chygysh.kg](http://www.chygysh.kg)

